



Ембі ТЫНЫСЫ

№7 (137)
ШІЛДЕ
2025 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

ӨНДІРІС

БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС ЖЕТІСТІКТЕРГЕ БАСТАЙДЫ

Компания басшылығы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша еңбек ұжымдарымен кездесті



4-5»»

Өндірістік және қаржылық-экономикалық көрсеткіштер. Инвестициялық жобалар мен жоспарлар. Әлеуметтік салада қолға алынған іс-шаралар мен кадр саясаты. «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбеттің өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде биылғы жартыжылдықтың қорытындылары бойынша өткізген есепті жиналысында көтерілген негізгі мәселелер осындай.

ҚҰТТЫҚТАУ

*Құрметті көлік саласының
қызметкерлері мен ардагерлері!*



Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтаймыз!

Мұнай-газ өндіру секторының тұрақты жұмыс жасауында транспорт кешенінің орны ерекше.

Қара алтын өндіру – экономикамыздың үздіксіз дамуы қажет ететін жетекші саласы. Оның жұмысында бірнеше бағыт топтасқан. Соның ішінде басымдыққа ие – транспорт жүйесі. Жол ережелерін сақтау, қауіпсіздік талаптарын бұлжытпай орындау, техниканың тілін таба білу – көлік қызметкерлерінен талап етілетін жауапкершілігі мол жұмыс. Күнделікті жұмысқа деген кәсіби көзқарастың нәтижесінде Ембі өндірісінде көлік инфрақұрылымын дамыту, заманауи талаптарды іске қосу міндеті қойылған.

Бүгінде «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ-на қарасты мұнай сервис ұйымдарында кең таратылып жатырған «Сапарларды басқару» цифрлық жобасы Ембі кен алаңдарында бастау алған еді.

Ембілік мамандардың қажырлы еңбектерінің нәтижесінде өзінің тиімділігін дәлелдеген жаңа жоба еліміздің мұнай-газ секторындағы жаңа қадамның бірі саналады.

Еліміздің көлік саласы қызметкерлерінің төл мерекесіне орай барша ембілік мамандарды мейраммен құттықтаймыз! Еңбектеріне толағай табыс, әр сапарларына сәттілік, зор денсаулық тілейміз!

*Құрметті құрылыс саласының
мамандары мен ардагерлері!*



Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтаймыз!

Мұнай-газ саласындағы әрбір құрылыс нысаны – Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің, кәсіби шеберліктеріңіздің жемісі.

Қай кезеңде болмасын құрылысшы мамандығы – ел дамуының, өркениеттің іргетасы. Нысандардың бой көтеруі – дамыған инфрақұрылымның, сапалы құрылыс – қауіпсіздік пен тұрақтылықтың кепілі, бірлескен

үздіксіз жұмыстың жемісі.

Сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесінде Ембі кен алаңдарында жаңа объектілер бой көтеріп, ел экономикасының маңызды саласы – мұнай-газ өндірісі қарқынды дамуда.

Бүгінгі таңда кәсіпорынның кен алаңдарында құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Жұмыстардың жоспарға сай жүруіне, ортақ мақсатқа жетуімізге біліктілік пен жауапкершіліктеріңізді жұмсап жүргеніңіз – біздің ортақ жетістігіміздің негізі.

Мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, кәсіби жетістіктер мен тың табыстар тілейміз. Құрылыс қарқыны бәсендемей, жұмыстар жалғаса берсін.

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

ЕМБІМҰНАЙГАЗ: ҚАУІПСІЗДІК – САНАЛЫ ТАҢДАУ

ЕМГ жобалары мен қауіпсіздік саласындағы іс-шаралар «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ компаниялар тобындағы әріптестерімен білім және тәжірибе алмасу арқылы халықаралық стандарттар негізінде үнемі жетілдірілуде.

3»»

SERPİN – МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Бес айлық тереңдетілген оқуды тәмамдаған жоба қатысушылары тек пассивті тыңдаушы емес, ойлау, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін іске асыратын, көшбасшы әрі ұйымдастырушы орнында өздерін сынап көрді.

6»»

СПАРТАКИАДА – 2025: ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Спартакиада қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте үздіктер қатарынан көрінген командалар анықталып, жеңімпаз спортшылар марапатталды. Барлық қатысқан 30 команда арасынан «Ембімұнайгаз» АҚ құрама командасы 5 орын иеленді.

8»»

КӨРСЕТКІШТЕР

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛЫНДАҒЫ
ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕРІН ҰСЫНАДЫ

2024 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2025 жылдың бірінші жартыжылдықтағы негізгі өндірістік көрсеткіштер:

Мұнай және конденсат өндіру көлемі **8,8%** артып, **13 млн 43 мың** тоннаны құрады.

Газ өндіру көлемі **18,3%** өсіп, **5 млрд 726 млн м³** жетті.

Мұнай тасымалдау **0,3%** төмендеп, **41 млн 616 мың** тоннаны құрады.

Мұнай өндеу көлемі **16,5%** ұлғайып, **10 млн 375 мың** тонна болды.

БИЫЛҒЫ АЛТЫ АЙДАҒЫ КӨМІРСҮТЕК ШИКИЗАТЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ

2025 жылдың I жартыжылдығының қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі **13 млн 43 мың** тоннаны (КМГ үлесіне) құрады. Бұл былтырғы кезеңмен салыстырғанда **8,8%** жоғары.

Ілеспе және табиғи газ өндіру көлемі **18,3%** өсіп, **5 млрд 726 млн м³** жетті.

Биылғы 6 ай ішінде операциялық активтерде **7 млн 61 мың** тонна мұнай мен конденсат өндірілді, соның ішінде «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ) – **2 млн 528 мың тонна**, «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) – **1 млн 376 мың тонна**, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ) – **1 млн 521 мың тонна**, қалған еншілес кәсіпорындар – **1 млн 636 мың тонна**.

ӨМГ, ЕМГ, ММГ-да мұнай өндіру деңгейі өткен кезеңнің нәтижелеріне ұқсас. Бұл ретте ЕМГ мен ММГ-да газ өндіру көлемі сәйкесінше **7,7%** және **2,4%** өскен. Бұл көрсеткішке газ факторы жоғары ұңғымалардың іске қосылуы ықпал етті.

Ескерту: өндірістік көрсеткіштер КМГ-ның бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы иелік ету үлесіне сай көрсетілген.

<https://web.telegram.org/k/#@kmgpress>

КӘСІПОДАҚ

КЕЗЕКТЕН ТЫС
КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымы «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағының» филиалы болып жұмыс істеп келеді. Соңғы кездерде жергілікті кәсіподақ ұйымын құру мәселесі айтылуда. Соған сай, «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының кезектен тыс конференциясы өтіп, оның күн тәртібінде бір мәселе – «Ембімұнайгаз» АҚ 2024 жылғы 11 қазанда өткен кезекті конференциясында қабылданған шешімге сәйкес, «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы ашылуына байланысты, «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» ҚБ филиалы мен өкілдіктерін, «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетін және «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақ комитеттерін жабу мәселесі қаралды.

Кезектен тыс конференцияға 76 делегат және «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Асқар Бисенов, ҚР Кәсіподақ федерациясының төрағасы Нұрлан Өтешев қатысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының жетекшісі Болат Нсанбаев көтерілген мәселе бойынша жалпы түсінік берді. Ол ресми іс-шаралар, яғни, құжаттарды ауыстыру кезінде кәсіподаққа мүше қызметкерлердің қолданыстағы Ұжымдық шарт талаптарын пайдалана алатынын атап өтті.

Сонымен қатар, жергілікті кәсіподақ құрамына енген



қызметкерлердің өтініш жазу арқылы қабылдана алатыны, сәйкесінше, жергілікті кәсіподаққа мүше емес қызметкерлердің қолданыстағы Ұжымдық шарт талаптарын пайдалана алмайтыны туралы айтылды.

Кезектен тыс конференция қорытындысында «Қазақстандық мұнай-газ

салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы мен өкілдіктерін, «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетін және «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақ комитеттерін жабу, 2025 жылғы 1 тамыздан бастап жабу процестерін «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетіне жүктеу және бар қаражатты жергілікті кәсіподақтың бөлімшелері шотына аудару туралы» мәселесі делегаттардың көпшілігінің – 52 дауысына ие болды.

Конференция өткізіліп, қабылданған шешімдер Кәсіподақтар туралы заңнамаға, салалық кәсіподақтың жарғылары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылды. ET

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСЫ

Атырау облысы Қызылқоға ауданының Миялы ауылында тірек-қимыл жүйесі зақымданған адамдарға арналған «Қамқорлық» оңалту орталығы нәтижелі жұмыс істеуде. Еске сала кетсек, ол 2024 жылы ашылған болатын. Нысан «Самұрық-Қазына» компаниялар тобындағы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның (КМГ-ның еншілес ұйымы) және бірыңғай қайырымдылық операторы – «Samruk-Kazyna Trust» қорының қолдауымен іске қосылды.


Орталықта инсульт, инфаркттен кейінгі және қимыл жүйелерінде туа бітті ақаулары бар адамдар ем қабылдап, оңалтудан өтуде. «Қамқорлық» бір мезгілде 25



адамға дейін қабылдай алады. Олармен реабилитолог, массаж жасаушы және физиотерапия бойынша нұсқаушы жұмыс істейді. Әр науқастың сауықтыру шаралары жеке-жеке жасалады, яғни, оның патологиясы, жасы, жалпы жағдайы ескеріледі. Келушілердің физикалық белсенділігін қалпына келтіру үшін медицина мамандары 12 түрлі заманауи құрылғылардың

көмегіне жүгінеді.

Қызылқоға ауданында қимыл белсенділігі бойынша мүгедектігі бар 92 адам есепте тұр. Олар 320 шақырым қашықтықта жатқан Атырау қаласына қатынау қиыншылығынан құтылған. Тұрғындар оңалту мекемесіне инвентарға көмегімен қатынайды. «Қамқорлық» оңалту орталығының директоры Асылбек



Мұратовтың сөзіне қарағанда, мүгедектігі бар жандар үшін қолжетімді медициналық көмек – аса маңызды. Мұны ауыл тұрғындары да растайды.

– Осыдан 3 жыл бұрын мен екі рет инсульт алдым. Соның салдарынан сөйлей, жүре алмай қалдым. Ота жасалды. Орталыққа ашылған күнінен бастап, келіп жүрмін. Күнделікті жаттығу

жасаудың арқасында жүре бас-тадым, сөйлеуім де біртіндеп қалпына келе бастады, – дейді Миялы ауылының тұрғыны Әділбек Ұзақбаев.

– Жол апатынан кейін омыртқама зақым келіп, жүре алмай қалдым. Алғашқы кезде Атыраудағы оңалту орталығына қатынап жүрдім, бірақ ол жақ өте ұзақ әрі тек 14 күнге бару тиімсіз болды. Былтыр желтоқсан айынан бастап «Қамқорлықта» ем ала бастадым, нәтижесі де көп күттірмеді, қалыпқа келе бастадым. Ерекше жандарға қолдау білдіріп жатқандарға алғыс айтамын, – дейді Миялы ауылының тұрғыны Бейбіт Тұрашев.

Айта кетсек, аймақтағы әлеуметтік-әріптестік жобаларына қатысу – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның мұнайлы өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету және ауылды жерлерді қолдау бағыттарындағы стратегиясының маңызды бөлігі. ET



СЕМИНАР



МЕН САҚТАНАМЫН!

2025 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін көтеруге, жарақаттануды және өндірістегі жұмысшылардың қатысуымен болатын оқиғалардың санын азайтуға бағытталған «Мен сақтанамын» бастамасын жүзеге асыру қолға алынды. Аталған бастама аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-да өткен семинар еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелерін қамтыды.

Семинарға қатысушылар компаниядағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау тақырыптарын саралап, жазатайым оқиғалардың себептерін талдады, практикалық тапсырмалар орындап, әр мұнай өндіруші күн сайын үйіне аман-есен оралатындай еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керектігі туралы өз пікірлерімен бөлісті.

Әріптестері алдында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет сөз сөйледі. Ол Ембі басшылығы үшін қауіпсіздік мәселелері аса маңызды ұстанымдар екеніне айрықша назар аударды.

Компаниядағы қауіпсіздік мәдениетін арттыру мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ-да құндылықтар мен тәжірибелердің тұрақты жүйесі бар: қызметкерлерге дәстүрлі түрде брифингтер, оқыту, тексерулер және тағылымдамалар ұйымдастырылады. Нәтижесінде қауіпсіздік саласы бойынша қызметкерлерді қамтитын жүйелі жұмыстар және тұрақты тәртіп құрылған. [ET](#)

ИТОГИ

В ПРИОРИТЕТЕ – БЕЗОПАСНОСТЬ ТРУДА

Более 67 миллионов человеко-часов без смертельных случаев отработано в АО «Эмбаунайгаз» с 2017 года. Эта цифра была озвучена на очередном заседании Комитета по производственной безопасности, охране труда и окружающей среды, на котором были подведены итоги первого полугодия. Кроме этого, удалось удержать достигнутые нулевые показатели и по другим направлениям безопасности и охраны труда: несчастным случаям, пожарам и ДТП. Сохранение положительной статистики – это результат эффективной работы как менеджмента компании, так и личной вовлеченности каждого работника в процесс управления безопасностью и охраны труда.

труда, снижение травматизма и количества инцидентов с работниками на производстве. В их числе и «Мен сақтанамын», инициированный АО НК «Қаз-МұнайГаз». Внедрение системы «Stop карта» (акт приостановки работ) в целях профилактики НС, позволит повысить наблюдательность работников, их ответственного и осмысленного подхода к вопросам личной безопасности и безопасности своих коллег.

Подытоживая итоги заседа-



Чего нельзя сказать о подрядных организациях, со стороны которых в первом полугодии были допущены 6 несчастных случаев, в том числе 1 со смертельным исходом. На заседании Комитета был проведен детальный разбор каждого из них, коренных причин, мер по устранению и недопущению в будущем. Как сообщил директор департамента ДОТиОС

Ануарбек Каримов, за 6 месяцев 2025 года были проведены проверки в 61 подрядной компании из 185, осуществляющих деятельность на территории ЭМГ. В результате было выявлено 1745 нарушений. На сегодня устранено 96%. В текущем году по всему периметру ЭМГ ведется реализация ряда проектов, направленных на повышение уровня культуры безопасности

ния Комитета, **генеральный директор АО «Эмбаунайгаз» Ринат Измуханбет** призвал всех бизнес – партнеров подавать пример личного лидерства и искренней приверженности в вопросах безопасности. Глубокая вовлеченность руководства в правила БиОТ является одним из главных составляющих на пути к безопасному производству, отметил глава ЭМГ. [ET](#)

КОНФЕРЕНЦИЯ



ЕМБІМҰНАЙГАЗ: ҚАУІПСІЗДІК – САНАЛЫ ТАҢДАУ

«Ембімұнайгаз» АҚ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов PetroCouncil Қазақстан мұнай-газ кеңесінің мұнай-газ саласындағы қауіпсіздік жөніндегі PetroHSE-2025 бірінші салалық конференциясында сөз сөйледі.

Шара еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласындағы 200-ге жуық мамандардың басын қосты.

Мұнай-газ саласындағы қауіпсіздік мәдениеті мен көшбасшылық мәселелерін қамтыған стратегиялық сессия аясында Әнуарбек Каримов «Ембімұнайгаз» АҚ-ның еңбекті қорғаудың тиімді жүйесін құрудағы бірегей тәжірибесі туралы айтты. Бұнда әлемдік тәжірибелермен қатар, Компанияның мұнай өндірудегі 100 жылдан астам тарихындағы үздік нәтижелері енгізілген (слайдта көрсетілген).

ЕМГ жобалары мен қауіпсіздік саласындағы іс-шаралар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы әріптестерімен білім және тәжірибе алмасу арқылы халықаралық стандарттар негізінде үнемі жетілдірілуде.

«Қауіпсіздік – бұл біздің қызметкерлердің саналы таңдауы. Жұмысшылардың өмірі мен денсаулығы – басты әрі маңызды құндылық» – деп атап өтті спикер.

Сессияға қатысушылар қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың негізгі мәселелерін талқылап, пікір алмасты, озық тәжірибелерімен бөлісті. [ET](#)





БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС

Компания басшылығы жартыжылдықтың

(Басы 1-бетте)

Компания басшылығының өндіріске сапары «Қайнармұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында және «Ембімұнайэнерго» мен «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» құрылымдық бөлімшелерінде еңбек ұжымдарының қатысуымен ұйымдастырылды. Есепті кездесу Орталық басқару аппаратында қорытындыланды.

Кездесулер барысында 6 айлық көрсеткіштердің орындалуы тыңдалып, алдағы уақыттағы жоспарлар нақтыланды. Еңбек ұжымдары тарапынан бірқатар мәселелер көтеріліп, ортақ тақыға салынды.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

2025 жылдың 6 айындағы мұнай өндіру көрсеткіші 101,2 %, мұнай тапсыру көрсеткіші 101,5% құрады. Компания басшысы артық орындаудың негізгі факторы жоспарланған геологиялық-техникалық іс-шаралардың ерте басталуы екенін атап өтті.

Қазіргі өндіріс қарқыны сақталса, жыл соңына дейін жоспар артығымен орындалады деп күтілуде. Компания мұнайды өндіру бойынша биылға жоспарланған көрсеткіштерді орындау үшін қол жеткізген жетістіктермен тоқтап қалмауды және осы қарқынмен жүруді жалғастыруды жоспарлап отыр.

Өндірістік көрсеткіштерге, нақтыласақ, өнім өндіру мен тапсыру барысына кең тоқталған **Компания басшысы Ринат Ізмұханбет** жылдық межені артығымен орындауға толық мүмкіндік бар екеніне мән бере кетті. Әрине, бұл орайда басшы ең алдымен өндіріс мәдениетін сақтай отырып, тәртіпті күшейту, жұмысқа деген жауапкершілікті арттыру екеніне басымдық берді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Ғасырдан астам жер қойнауын игеріп, негізінен байырғы кеніштермен жұмыс істеп келе жатқан «Ембімұнайгаз» АҚ үшін басымдық берілетін бағыт – инвестициялық жобаларды қолға алу. Инвестициялық жобаларды іске асыру – Компания қызметін дамыту үшін маңызды. Соған сай, ембіліктер бүгінгі таңда мұнай мен газ өндіру көрсеткішін арттыру мақсатында бірнеше инвестициялық жобаларды нәтижелі ету жолында күш жұмсауда. Олар: Батыс Прорва кен алаңындағы газ ұңғымаларын игеру, Батыс Қарасор кен орнын дамыту, Тайсойған-1, Тайсойған-2, Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнын игеру жобалары.

Аталмыш жобалар Ембі өндірісінде газ кен орындарын іске қосу арқылы қосымша мұнай өндіруді қамтамасыз етумен қатар, мұнай өндіру көлемін де арттыруды нәтижелі етпек.

Аталған жобалардың қазіргі ахуалы, жоспарлы жұмыстардың жүру барыстары да Компания басшылығының іссапары аясында назардан тыс қалмады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ

Компания ішіндегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін 2025 жылдың 1 жартыжылдығында бірқатар іс-шаралар орындалды. Солардың қатарында компания қызметкерлері мен Кәсіподақ комитетінің ұсыныстары бойынша ұжымдық шартқа өзгерістер енгізілді. Аталмыш құжатқа енгізілген біраз жаңалықтардың кейбіріне компания басшылығы жан-жақты тоқталып өтті.

Таулы Қарабахтағы қақтығысты реттеуге қатысушылар Отан қорғаушылар күніне орай материалдық көмек алушылар тізіміне енгізілді және еңбекақы төлеу есебінен қаржы үнемделген жағдайда, Қазақстан Халқы бірлігі және Республика күніне сыйақы беріледі. Сонда ембіліктер жыл ішінде 5 рет сыйақы алады. Бұл – компания басшылығының жұмысшылардың және олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатын ұдайы назарда ұстайтындығының кепілі.

Сонымен қатар, жұмыс беруші тарапынан ұжым мүшелерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға қанағаттануына тұрақты бақылау және мониторинг жүргізіледі. Бұл орайда түрлі шаралар тұрақты ұйымдастырылуда.

ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛ

Әлеуметтік нысандардың жағдайын жақсарту шеңберінде осы жылы 6 жатақхананы күрделі жөндеуден өткізу жоспарлануда. Қазіргі уақытта оның ішінде 3 жатақханаға жөндеу жұмыстары басталды.

Сондай-ақ, Кенбай кен орнында 2024 жылы басталған 150 орындық асхана ғимаратының қабырға блоктарын қалау жұмыстары жүргізілуде.

ЖОСПАРЛЫ ІС-ШАРАЛАР

Қарапайым еңбек адамының еңбегіне құрмет көрсету, ардагерлердің еңбегіне деген сый-құрмет «Қайнармұнайгаз» басқармасының 30 жылдығына және «Жылыоймұнайгаз» МҒӨБ «Қосшағыл» кен орнының 90 жылдығына орай, бірқатар іс-шаралар жоспарланған. Мәселен, зейнеткерлер мен басқарма қызметкерлеріне арналған салтанатты шара, спорттық жарыстар, концерттік бағдарламалар өткізілмек.

Сонымен қатар, Мақат кен орнына 110 жыл толуына орай, шағын футболдан «Ембімұнайгаз» футбол командасының қатысуымен жарыс басталды. Сондай-ақ, Қоғам қызметкерлерінің қатысуымен республикалық спорттық турнир өткізу жоспарлануда.

КАДР САЯСАТЫ

Дуалды оқытуды жүзеге асыру бойынша биыл өндірістік бөлімшелерде 80 студент тәжірибеден өтуде. Жалпы, өз тиімділігін дәлелдеген аталған бағдарлама аясында 2015-2024 жылдар аралығында дуалды оқуды аяқтаған 93 қатысушы Компанияға жұмысқа орналасқан.

Сонымен қатар, жас мамандардың тұлғалық дамуын, кәсіби өрлеуін қамтамасыз



ЖЕТІСТІКТЕРГЕ БАСТАЙДЫ

қорытындысы бойынша еңбек ұжымдарымен кездесті

ету мақсатында 2023 жылдан бастап, Serpin модульдік оқыту жобасы іске қосылды. Екі жылда 21 мен 36 жас аралығындағы 56 жас маман жобаға қатысты. Модульдік оқытудың нәтижесінде жобаға қатысушылар өндірістік және әлеуметтік жүйелерді жақсарту бойынша жобаларды қорғайды және жүзеге асырады. Биыл да бұл жоба үшінші рет өткізіліп, 28 жас қатысты.

Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Алып» жобасы шеңберінде ембілік 6 жас маман білім алуға және өндірістік процестерді жақсарту бойынша жасақталған жобалармен жұмыстануда.

Бұған қоса, биыл «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының 2 кезеңі маусым айында 15 мамандық бойынша «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының базасында өткізілді. Дәстүрлі байқауға 81 жұмысшы қатысып, үздік мамандар анықталды.

Елімізде 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, жастарды осы салаға тартуға және еңбек адамдарына деген құрметті арттыруға бағытталған. Атаулы жыл аясында Компанияда да жоспарлы іс-шаралар жыл басынан бері атқарылып келеді. Мысалы, бірінші жартыжылдықта жаңадан «Ішкі тәлімгерлік» жобасы іске қосылды. Жоғары білікті мамандар командасын қалыптастыруды көздейтін жоба 2025 жылдың сәуір айында өндірістік персонал үшін іске қосылды.

Бұған қоса, «Асыл жүздік» тимбилдингі өндірістегі 100 ембіліктің басын қосты. Ал, әйелдерге арналған «Жан ару» модульдік оқуына 4 әріптесіміз қатысуда.

Биыл сәуір айында «ҚазМұнайГаз» ҰК ұйымдастыруымен Шымкент қаласында өткен жастар форумына 20 ембілік жас маман қатысып қайтты. Атырау облысы

әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізілген «Жұмысшы жастар» республикалық форумына қатысушылардың қатарында біздің әріптестеріміз де болды.

СЕРІКТЕСТІК БАЙЛАНЫС

Компания басшылығының іссапары аясында ұйымдастырылған кеңейтілген жиындарға ембіліктермен қатар, бизнес-әріптестер де қатысты. Қазіргі атқарылып жатқан жұмыстар, олардың талапқа сай болуы, уақытылы жүргізу, аяқтау, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау секілді мәселелердің әрқашан күн тәртібінен түспейтіні туралы айтылды.

Кен алаңдарындағы кездесулерде өндіріс көрсеткіштерін таныстырған соң, басшылық құрам жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына назар аударды. Кен алаңдарындағы құрылыс нысандарының бүгінгі жағдайын көріп, білді. Сапалы жұмыс жасау – негізгі талап екеніне басымдық берілді.

АШЫҚ ПІКІР АЛАҢЫ

Компания басшылығы өндіріс алаңдарына арналған іссапар барысында қатардағы еңбек адамдарымен кездесуді, олардың талап-тілектерімен танысуды жолға қойып келеді. Нақтыласақ, ашық пікір айту форматында ұйымдастырылатын бас қосуда жұмыс беруші мен жұмысшылардың еркін пікір алмасуы жүзеге асады. Жұмысшылар өз тараптарынан ұсыныстарын, өтініштерін ортаға салса, жұмыс беруші аталған мәселенің орындалуы барысына жіті тоқталып, тұшымды жауаптарын береді.

Ағымдағы жылдың алты айлық көрсеткішіне арналған бұл есептік кездесуде ембіліктер тарапынан бірқатар мәселелер көтерілді. Разрядтар беру тәртібі, арнайы киімнің сапасы, ішкі іріктеу сияқты тақырыптар қозғалып, жауаптар ұсынылды.



ТҮЙІН:

Жиындарды қорытқан Ринат Измұханбет Компанияның алдында тұрған негізгі міндеттерді шешу жолында ұжым мүшелеріне қосқан үлестері үшін алғыс білдіріп, осы қарқынды жалғастыра отырып, алда тұрған мақсаттарға үлкен жауапкершілікпен қарауға шақырды. **ET**



- 2025 жылдың 6 айындағы мұнай өндіру көрсеткіші – **101,2 %**, мұнай тапсыру көрсеткіші – **101,5%**.
- 2025 жылдан бастап Батыс Қарасор кен орны мен Батыс Прорва кен орнының газ кен орындарының іске қосылуы **14** мың тонна көлемінде қосымша мұнай өндіруді қамтамасыз етеді. Одан кейін 2027 жылы барлық 5 жобаның іске қосылуы мұнай өндіру жыл сайынғы өсіммен **244** мың тонна көлеміне дейін арттыруды қамтамасыз етеді.
- Инвестициялық жобаларды іске асырудың ағымдағы жағдайы: Батыс Қарасор кен орнын өнеркәсіптік игеруге енгізу, Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, Батыс Прорва газды кешенді дайындау қондырғысының құрылысы, Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнындағы ілеспе мұнай газының процессингі.

ЖОБА

Жасанды интеллект ассистенті, OilPoint Mobile бағдарламасы, ТМК қозғалысын цифрландыру және автоматтандыру қандай жұмыстарды жеңілдетеді? Кен орындарына күн панельдерін орнату, оқыту жүйесіне VR технологиясын енгізу тиімді ме? Автожол салуда органикалық эмульсияларды қолданса не болады? Жүк тасымалындағы ноу-хау: шынжыр табанды робот адамды алмастыра ала ма?

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 5 айға созылған Serpin жобасы қорытындыланып, модульдік оқуларға қатысқан 28 маман осы сауалдарға жауап беретін жобаларын таныстырды.

5 МОДУЛЬ – 5 БАҒЫТ

Ембілік жас мамандардың кәсіби және жеке дамуына бағытталған Serpin жобасы осымен үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылуда. Бұл тек корпоративтік мәдениетті нығайту, көшбасшылық, тиімді коммуникациялар, ораторлық шеберлік дағдыларын дамытуға арналған тренингтер ғана емес, сонымен қатар физикалық белсенділікті, эмоцияларды



туындайтын сауалдарға жоба авторлары нақты жауап береді. Сонымен қатар, бұл бастаманың қаржылық есептеулерін жүргізу де Серпиндіктерге жүктеледі. Сондықтан, қатысушылар маусым айындағы ел астанасындағы модуль барысында тиімді коммуникация, жобаларды басқарумен қатар, бюджеттеу және экономика тақырыбын да меңгерді.

қорғады. Жастардың барлығы да белсенді түрде араласып, өз үлестерін қосу үшін 4 қатысушыдан 7 топқа бөлінді. Нәтижесінде әр топ бір жобадан ұсынды.

Ішкі ережелер арасынан қажетті құжатты дереу табу. Сол арқылы уақытты үнемдеу. Яғни, бір сөзбен айтқанда, 24/7 режимімен қолжетімді болатын жасанды интеллект ассистентіне жүгіну. Алғашқы

Алыс қашықтықтағы кен орындарына күн панельдерін орнату. Бұл – табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға бастайтын экологиялық қауіпсіз жоба. Осынау бастаманы ұсынған ембіліктер кен орындарында гибриді автономды электрмен жабдықтау жүйесін пайдалануды ұсынады. Уақытпен үндесетін бұл әдістің озық тұстарын жариялаған жас мамандар күтілетін нәтижелер, үнемдер туралы да кеңінен таныстырды.

Әдетте, асфальт жол салуға қолданылатын дәстүрлі әдіс-тәсілдердің орнына органикалық эмульсияларды қолдана отырып, автожол салу. Үшінші топ осындай жоба ұсынып, жол салу мерзімін қысқарту, энергия шығындарын азайтуға әкелетінін айтып, әлемдік тәжірибелердің нәтижелерін жария етті.

Ұңғымалар тоқтап қалған кезде жедел әрекет ету, оларды керінен іске қосу уақытын азайту мақсатында 2 ГИС картографиялық жүйесі арқылы кен алаңдарын навигациялық қадағалауға мүмкіндік беретін OilPoint Mobile бағдарламасы – жоба қатысушыларының жаңашыл бастамаларының бірі.

Қағаз түріндегі құжат айналы-

SERPIN – МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ



басқару, өз күшін бағамдау сияқты даму мүмкіндіктерін қамтиды.

Бес айға созылған оқу ақпанда Атырау қаласында басталып, сәуірде Алматыда, мамырда Өскеменде, маусымда Астанада жалғасып, шілдеде Атырауда қорытындыланды. Тақырыптық тренингтерге қоса, бірнеше бағыттарды қамтыған әсерлі іс-шаралар ембілік жастардың ерекше есінде қалды.

Мәселен, алғашқы модульде ұлттық көшбасшылық, корпоративтік мәдениетті дамытумен қатар, кітап оқу дәстүрі де қолға алынды. Екінші кезеңде оңтүстік астанадағы оқу барысында жобаларды басқару, өндірістік көшбасшы тақырыптарындағы тренингтер қатысушылардың жан-

жақты шыңдалуына әсерін тигізсе, тауға ұйымдастырылған экспедицияда жастар өз күштерін сынауға мүмкіндік алды.

Еліміздің шығысындағы үшінші модуль көпшілік алдында сөйлеу дағдысын дамытып, жеке тиімділікті жетілдірді. Ал, ең қызықты әрі әсерлі болғаны, әрине – рафтинг. Қорқынышты жеңу, жедел әрекет ету, күшінді бағамдаумен қатар, ұжымдық тұтастықты дамытқан бұл спорт ұмытылмас әсер сыйлады.

Бағдарлама қатысушылары оқуды аяқтаған соң, өздері жоба жасақтайды. Бұл – Serpin жобасының негізгі мақсаты. Яғни, мәселе, оны шешу жолы, ұсынылған нұсқаның тиімділігі, қандай кедергілер кезігуі мүмкін деген сияқты барлық

МЕНІҢ ПІКІРІМ

**Амангелді ЕРСАЙЫНОВ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ
операторы:**

– Serpin жобасы үлкен серпіліс берді. Жаңа орта, жаңа таныстық. Қатысушылармен тек әріптес болсақ, жоба соңында досқа айналдық. Өйткені, курстар барысында бірнеше рет команда болып, бірлесіп әрекет еттік. Бірге ақылдасып, ортақ шешім қабылдадық. Бірге ойлап, бір мақсатқа жұмылдық. Әр модульді оқудағы тақырыптар ғана емес, жалпы бағыты да қайталанбайды, ерекше. Әрқайсысының берері өте көп. Мотивациялық кітап оқыдық, театрға бардық, тауға шықтық, судағы адреналинды бастан кештік. Өте тамаша! Ұйымдастырушыларға зор алғыс. Бұл жоба жалғаса берсе деп тілеймін. Себебі, біз Serpin арқылы білімдерімізді жетілдірумен қатар, мүмкіндіктерімізді сынап, өзімізді шыңдадық.



Өндірістің сан саласында еңбек етіп жүрген жас ембіліктер үшін бұл дағдыларды меңгеру, оларды қолдана білу аса маңызды екені анық.

Арада 5 ай мерзім өткенде қатысушылар Атырауда қайтадан бас қосты. Жас мамандарға эмоционалды интеллект тақырыбындағы тренинг ұйымдастырылып, өздері жасақтаған жобаларын қорғау жүктелді.

ИДЕЯДАН – НӘТИЖЕГЕ

Қорытынды кезеңде қатысушылар топтарға бөлініп, Компания дамуының түрлі бағыттарына қатысты жобаларын

топ ұсынған осы жоба – заманауи, ыңғайлы. Идея жетекшілері бұл бастаманың HR, IT салаларын жеңілдететінін алға тартады.

Осылайша, бес айлық тереңдетілген оқуды тәмамдаған жоба қатысушылары тек пассивті тыңдаушы емес, ойлау, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін іске асыратын, көшбасшы әрі ұйымдастырушы орнында өздерін сынап көрді.

Қорытындысында алған әсерлерімен бөлісіп, «Serpin – мүмкіндіктер алаңы» екенін атап, жобаның жалғаса беруіне тілектестік білдірді. Оларға естелік сыйлықтар табысталап, жобаның ресми жабылу салтанаты ұйымдастырылды.

Айта кетейік, модульдік оқу бағдарламасының өзектілігі мен тиімділігі дәлелденген. Соған сай, осымен үшінші жыл қатарынан өткізілді. Алдыңғы екі сессияда 56 адам оқытылып, олар қорғаған жобалардың кейбіреуі қолданысқа енгізілуде.

мын азайту, толықтай цифрландырып, уақытты, ресурстарды және қаржыны үнемдеуге мүмкіндік беретін ТМК қозғалысын цифрландыру және автоматтандыру жобасы да Serpin бағдарламасы аясында таныстырылды.

Қауіпсіздік ережелерін толық меңгеруге мүмкіндік жасау мақсатында оқыту жүйесіне виртуалды шынайылық – VR технологиясын енгізу. Заманауи жоба нәтижесінде қауіпсіздік дағдыларын, оқыту сапасын арттыру, есте сақтау деңгейін көтеру, өндірістегі жазатайым оқиғаларды азайтуға мүмкіндік пайда болады дейді жоба авторлары.

Коймалар арасындағы жүк тасымалы жүйесін жеңілдетуді мақсат тұтқан шынжыр табанды робот та – қатысушылардың қиялынан пайда болған туынды. Жас мамандардың өз қолымен жасалған ноу-хау – өндіріске қолданылуға тиым салынғанымен, ізденімпаздық пен креативтің үлгісі ретінде аталып өтті.

Осындай заманауи тақырыптарды қамтыған жобалар қатысушылардың жұмыс барысында кездестірген мәселелерді шешуге деген ұмтылыстарынан туындап отыр.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының қаар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев бастаған топ ұсынылған жобалардың Ембі өндірісіне пайдасы, іске асырылу тетіктері, тиімділігі мен қажеттілігі, қаржы көзі сияқты жан-жақты талдаулар жасап, кемшілік тұстарын да саралады.

ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ

Транспорт – өндірістегі маңызды саланың бірі. Жұмыс процесінің ағымынан жаңылмай, тұрақты жүруі үшін осынау салада тер төгіп жүрген мамандар еңбегі зор. Кәсіби мереке қарсаңында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бойынша көлік саласында еңбек етіп жүрген әріптестерімізді сөзге тарттық.

«ЖҮРГІЗУШІ – ЖӘЙ МАМАНДЫҚ ЕМЕС»



Есен БӨЛДІРБАЕВ,
Құлсарыдағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің машинисі:

– Бұл басқармада еңбек еткеніме 37 жылдан асып барады. 1988 жылы көлік жүргізушісі болып жұмысқа орналастым, содан бері табан аудармастан қызмет етіп келемін. Еңбек өтілімнің 23 жылында жеңіл көлік жүргізушісі болдым. Кейінгі жылдарда арнаулы техникаларды тізгіндеудемін.

Қай-қай жұмысты да жақсы көріп жасасаң, нәтиже береді. Мәселен, көлік жүргізу бұрын көп жағдайда тек ер-азаматтар үшін қолайлы мамандықтар қатарында болса, қазір заман басқа. Десек те, арнаулы транспорттың жөні бөлек.

Бірнеше тонналық салмақтағы көлікті жүргізу – тек рулін бұрау емес. Тактика, техника, тәжірибе керек. Қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау, уақытпен санаспай еңбек ету, берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау. Міне, бізге қойылатын негізгі, ең маңызды талаптар – осылар. Бұған қоса, көлікті күтіп ұстау керектігі де бар. Соған сай, күнделікті жұмыс бастамас бұрын, транспортты бір тексеріп алып, жұмысқа кірісеміз.

Өз жұмысымды жауапкершілікпен жасап, Ембі өндірісінің дамуына үлес қосып жүргенімді мақтан тұтамын.



Бауыржан ЕСМАҒАМБЕТОВ,
Прорвадағы арнаулы техникалар және автокөліктер керуенінің машинисі:

– Сарықамыста туып өстім. Бұл салада жұмыс жасағаным 30 жыл болды. Біздің жұмыс орнымыз – басқарма бойынша ірі нысанның бірі. Мұнда 60-тан астам арнайы техника, 100-ге жуық сала қызметкерлері бар.

Бір қарағанда, жұмысымыз қызықты болып көрінбеуі де мүмкін. Бірақ, ешқашан мамандық таңдауда қателестім деген ойда болған емеспін. Мысалы, күн сайын өндірістің қай кен алаңына, қай ұңғымаға баруымыз керек екені белгілі болған соң, жолға шығамыз. Жауапкершілік, уақытты дәл есептеу, қауіпсіздік ережелерін сақтау – әрқашан өзгермейтін талаптар.

Өндірістегі жалпы жабдықтарға, ұңғымаларға қызмет көрсету мақсатында тер төгеміз. Ең бастысы, кен алаңдарындағы жұмыстар тоқтап қалмауы керек. Күнделікті сұраныстарға сай, арнайы бригадаларды, керек-жарақтарды алып барамын. Жалпы, өндірістегі қайнаған еңбек ауа-райы, мезгілге қарамайды. Сол талаптарды орындау жолында тер төгіп келемін.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ: НӘТИЖЕ ЖӘНЕ ЖОСПАР

«Ембімұнайгаз» АҚ ішкі активін жаңа өндірістік нысандармен толықтырып, дамуға. Бүгінгі таңда кәсіпорынның кен алаңдарында құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Биыл Компания тарапынан 2025 жылдың жоспарына сай, күрделі құрылыс нысандарын жүргізуге – 16,08 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген. Оның ішінде өндірістік нысандар үшін 15,56 млрд және өндірістік емес нысандар үшін 0,52 млрд теңге мөлшерінде.

Ембі кен алаңдарындағы құрылыс қарқыны, жүзеге асқан жұмыстар мен алдағы жоспарларды Күрделі құрылыс департаменті күрделі құрылыс бөлімінің бастығы Саламат Мұқашев таныстырып өтті.

Сәйкесті жұмыстар Ембі кен алаңдарының барлығында да жүргізілуде. Әр басқарма бойынша нақты мәліметтерді келтірген С.Мұқашев жеке-жеке толық таныстырып өтті.

Бөлінген қаражатты игеру мақсатында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бойынша өндірістік нысан құрылыстары жоспарға сай жүргізілуде. «Нақты 2025 жылға алсақ, мұнай-газ өндіру басқармаларының кен орындарында ұңғымаларды жайғастыру жұмыстары, С.Балғымбаев атындағы ОМЖЖДП қайта жаңғырту, Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнындағы қолданыстағы ӘЖ-35/6/0,4кВ қайта жаңғырту жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтап, қолданысқа тапсыру жоспарлануда» дейді ол.

Бұл – ағымдағы ахуал болса, шешімін тапқандары да жоқ емес. Мысалы, 2024 жылы және 2025 жылдың бірінші жартысында – Жаңаталап кен орнындағы №3 МГДЦ өндірістік ғимараты, Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнының №1 көлемі 2000м3 болат тік қазаны, Оңтүстік Батыс Қамысты-С.Балғымбаев кен орындары арасындағы мұнай құбыры нысандары қолданысқа берілді.

Сонымен қатар, МГӨБ бойынша әлеуметтік және өндірістік нысандар: Оңтүстік Қамысты кен орнының 60 орындық жатақханасы, Жаңаталап және Гран кен орындарында оператор және сорғы ғимараттары, С.Балғымбаев және Забурын кен орындарындағы өрт сөндіру деполары, Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнында №1 көлемі 2000м3 болат тік қазаны жөнделіп, тапсырылды.

Қазіргі уақытта «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бойынша – Батыс Карасор кен орындары ұңғымаларын жайластыру, УКПГ



Прорва компрессорларының желдету жүйесін жаңғырту, Прорва кен орны резервуарлар паркіне №1 БТҚ-5000м3 салу, Қисымбай кен орнына №1, 2 БТҚ-1000м3 және БТҚ-400м3 салу, Прорва МДАЦ өрттен қорғану жүйесін жаңғырту жұмыстары, Прорва ЖКС және өндірістік базаға дейін жол салу жұмыстары, Құлсары қаласында орналасқан өндірістік базаны сумен қамту сынды жобалар іске асырылуда. Бұлардың барлығы да – өндіріс процесінің үздіксіз режимнен ауытқымауы үшін аса маңызды іс-шаралар.

Салалық бөлім бастығының сөзінше, 2024 жылы және 2025 жылдың бірінші жартысында – 6 ұңғыманың жайластыру жұмыстары, кен орындарында сұйықтықты жинау жүйесін қайта жаңарту, Прорва МДЖАЦ №8 тік қазанының құрылысы, «Каспий Самалы» вахталық қалашығындағы кәріз тазалау құрылысы, Терең Өзек кен орнындағы кәріз тазалау қондырғысын қайта жаңарту, Аққудық кен орнындағы жатақхана, асхананы қайта жаңғырту нысандарының құрылыстары аяқталып, қолданысқа тапсырылып отыр.

Сонымен қатар, әлеуметтік және өндірістік нысандарды жөндеу жұмыстары да жоспар бойынша жүргізіліп, «Каспий Самалы» вахталық қалашығындағы 4, 5 жатақхана, Терең Өзек, Қаратон, Прорва кен орындарында орналасқан операторлар ғимараттары жөндеуден өтті.

Компания демеушілігінің нәтижесінде Жылыой ауданы үшін әлеуметтік маңызы бар, ерекше балаларды емдеу-сауықтыруға арналған Құлсары қаласындағы балаларға арналған 150 орындық коррекциялық кабинет ғимаратының құрылысы аяқталып, жергілікті әкімшілікке табысталды. Бұл – жергілікті тұрғындар үшін әлеуметтік қажеттілігі жоғары маңызды нысандардың бірі.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ басқармасы бойынша былтырғы және биылғы бірінші жартыжылдықта ұңғымаларды жай-

ластыру жұмыстары жүргізіліп, өндірісішілік сұйықтықты жинау жүйесінің 28 шақырымнан астамы қайта жаңғыртудан өткізілді. Бүгінгі таңда Шығыс Мақат кен орнында әкімшілік ғимарат және БТҚ-2000м3 салу және Қарсақ кен орнына асхана салу жұмыстары жалғасуда.

Аталған басқармада жөндеу жұмыстары да жолға қойылған. Мақат және Қарсақ кен орындарындағы депо мен Шығыс Мақат кен орнындағы сорғы ғимараты, Қарсақ кен орнындағы әкімшілік-лаборатория ғимараттары, С.Жолдыбай, Қарсақ кен орындарында орналасқан ТБҚ қазандарын жөндеу жұмыстары жоспарға сай орындалып, қолданысқа қабылданған.

Жоспарлы жұмыстар «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында да жүзеге асуда. Мәселен, биыл кен орындарында ұңғымаларды жайғастыру, сұйықтықты жинау жүйесін қайта жаңарту, Кенбай әкімшілік ғимаратын салу, Молдабек кен орнына №2 және №4 БТҚ-2000 м3 салу, Қотырғас кен орнына №4 БТҚ-400м3 салу жоспарлануда.

Ал, ұңғымаларды жайғастыру жұмыстары, кен орындарында сұйықтықты жинау жүйесін қайта жаңарту, Кенбай кен орнында блокты-модульдік қазандықтың құрылысы, Қайнар вахталық қалашығына суға арналған көлемі 400м3 ТБР салу және Б.Жоламанов кен орнын сумен қамту, Молдабек кен орнында мультифазалы сорғының құрылыс жұмыстарының аяқталып, қолданысқа қабылдануы – былтырғы және биылғы бірінші жартыжылдықта шешімін тапқан іс-шаралар. Бүгінгі таңда Кенбай кен орнында 150 орындық асхана және әкімшілік ғимараты құрылысы, Атырау-Ақтөбе тас жолынан УАЗ кен орнына баратын басқармаішілік жолдың құрылысы қарқынды жүруде.

2024 жылы күрделі жөндеу жоспары бойынша МАБ-3 (НПС-3) орналасқан операторлар және лаборатория ғимараттары мен Кенбай кен орнындағы №4 және №6 БТҚ-2000м3 жөндеу жұмыстары жасалды.

«Ембімұнайэнерго» басқармасы бойынша 2024 жылы «ЕМЭБ ғимараттарының желдету жүйелерін жаңғырту» нысаны толығымен аяқталып, қолданысқа қабылданды. Сонымен қатар басқармаға тиесілі Балқан типті өндірістік ғимараты және Кенбай кен орнында орналасқан 30 орындық жатақхана жөндеуден өтті.

Күрделі құрылыс департаменті күрделі құрылыс бөлімінің бастығы Саламат Мұқашев жоспарлы жұмыстардың бекітілген кестеге сай жалғаса беретінін, сонымен қатар, мамандар тарапынан сапасы ұдайы бақылауда болатынын жеткізді. ET



СПАРТАКИАДА-2025

ДӘСТҮРЛІ ДОДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Ақтауда 20-24 шілде аралығында ҚазМұнайГаз Спартакиадасы өтті. Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында ұйымдастырылған спорттық шараға ҚазМұнайГаздың (КМГ) 30 еншілес және тәуелді ұйымдарынан 700-ден аса адам қатысып, шағын футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, садақ ату, шахмат, киберспорт, жүзу, тоғызқұмалақ, арқан тарту, армрестлинг және асық ату сияқты спорт түрлерінен жарысқа түсті.

Спартакиадаға «Ембімұнайгаз» АҚ құрама командасы, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс», «Өзенмұнайгаз», «Маңғыстаумұнайгаз», «Қаражанбасмұнай», «ҚазТрансОйл», «Қазақтүрікмұнай», «Oil Services Company», «Өзенмұнайсервис», «Қазгермұнай», «ҚазМұнайГаз», «Атырау мұнай өңдеу зауыты», «Қазақойл Ақтөбе», «Павлодар мұнай-химия зауыты», «ҚазГӨЗ», «КМГ Инжиниринг», «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз», «Ойл Транспорт Корпорейшн», «КМГ EP Catering», «Мұнайтелеком», «КМГ Drilling&Services», «Маңғыстауэнергомұнай», «Силлено», «Өріқтау Оперейтинг», «Қазақтеңізкөлікфлоты», «КМГ Қарашығанақ», «КМГ Barlau», «Dunga Operating GmbH», «КМГ Қашаған Б.В.» компанияларының құрама командалары қатысты.

Спартакиада қазақтың ұлттық ойыны арқан тартудан басталды. Жарыста командалардың ұжымдық рухы, физикалық күші, ұйымшылдығы, шапшаңдығы мен тың тактикасы сынға түсті. Сайыс алаңына шыққан 10 команда үш кезең бойы намысты қолдан бермеуге барын салды. Жанкүйерлер қолдауы сайыскерлерге жігер беріп, жеңіске құлшынысын күшейтті. Алғашқы жарыс күнінің қорытындысы бойынша ембіліктер жүлдегерлер қатарынан табылды. Әріптестеріміз **Данияр Қалабаев, Еркебұлан Қарабаев, Қуандық Түркебаев, Бекзат Қабиев, Нәби**

Сағынов, Тимур Қуанышкереев, Жаңабай Мұхтаров, Ерлан Тасмағанбетовтен құралған команда II орын иегерлері атанды.

Сонымен қатар, сан сала бойынша мықтылар арасынан үздіктерді анықтаған сайыстар өз легімен жалғасты. Армрестлингтен әйелдер арасынан 65 келіге дейінгі салмақ дәрежесі бойынша әріптестеріміз **Қарашаш Өмірзақова** және 65+ кг дәреже бойынша **Гүлзада Ғабдулина 2 орын иегерлері** атанды.

Дәлдік пен ептілікті қажет ететін садақ ату сайысы да тартысқа толы болды. Ембілік қатысушы, әріптестіміз **Жанар Сәрсенғалиева** әйелдер арасынан **2-орынға** табан тіреді.

Тоғызқұмалақ сайысы бойынша үздік үштікке еніп, **екінші орын иегері атанған Айнұр Меңдібай** әріптестіміз де жалпы есепті еселей түсті.

Спартакиада қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте үздіктер қатарынан көрінген командалар анықталып, жеңімпаз спортшылар марапатталды. Барлық қатысқан 30 команда арасынан «Ембімұнайгаз» АҚ құрама командасы **5 орын** иеленді.

Айта кетейік, салауатты өмір салтын, спортпен шұғылдандуды насихаттау және корпоративтік рухты нығайту мақсатындағы осы секілді іс-шаралар тұрақты өтіп келеді. **ЕТ**



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok - @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС
Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Қулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.